

## 9 «Ә» сынып оқушыларының ата – аналар жиналысының хаттамасы

### Хаттама №3

2021-2022 оқу жылының 2021 жылдың 23 қазан күні, С. Мәуленов атындағы гимназиясының 9 «Ә» сыныбында ата-аналар жиналысы өтті.

Өткізілу түрі: WhatsApp платформасы

Қатысуға тиіс- 20

« 23 » қазан 2021 ж

Қатысқаны-20

Сынып - 9 «Ә»

#### Күн тәртібі:

1. Жиынтық бағалаулардың өткізілу түрлерімен таныстыру. Жусупбекова Г.Е.
2. Күнделік платформасындағы ата-аналардың белсенділігі.Қалыптастырушы бағалауларды бақылау.
3. Қаладағы эпидемиологиялық жағдайға сәйкес, санитарлық нормаларды сақтау ережелерін ескерту
4. Гимназия әкімшілігі бұйрығына сәйкес сабақта ұялы телефон ұстауға тыйым салу шешімінің орындалуы туралы.
5. Құқықбұзушылықтың, балалардың қадағалаусыз қалуының алдын алу туралы.
6. Ағымдағы мәселелер (ыстық тағамдар, мектеп формасы, ғылыми жұмыстар, сыныптың жетістіктері)

#### 1. Тыңдалды:

**1. Жусупбекова Г.Е.** Оқушыларға тоқсандық жиынтық бағалау кестесі берілгенін, Информатика, дүние жүзі тарихы пәндерінен Тоқсандық жиынтық бағалау алынбайтынын айтып өтті. Қалыптастырушы бағалау мен бөлімдік жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалаулар нәтижесінде тоқсандық баға қорытылатынын айтып, слайд арқылы таныстырып өтті.

**2-мәселе бойынша** да Жусупбекова Г.Е. күнделік сайтында ата-аналардың белсенділік танытып жүрулерін сұрады. Логин,парольдерін ұмытқан жағдайда сынып жетекшіне хабарласуын ескертті. Осы тоқсан бойына Күнделікке кірмеген ата аналарға ескерту айтты..

**3-мәселе бойынша,** сынып жетекшісі Шауенова Э.С. Қостанай қаласының эпидемиологиялық ахуалы қызыл аймаққа кіргенін айта келіп, санитарлық нормалардың гимназияда толық сақталып жүргеніне тоқталды. Каникул күндері балалардың өз денсаулықтарына қауіп төндірмеуін бақылауды ұсынды.

**4-мәселе бойынша** Гимназия ережелеріне сай оқушыларға сабақта ұялы телефонды ұстауға тыйым салынғандығын еске түсіре отырып, әлі де тәртіп бұзушылықтар кездесіп жүргенін айтып өтті. Осы мәселеге ата-аналардың да атсалысуын сұрады.

**5-мәселе бойынша** оқушыларға «Бала құқығы – адам құқығы» деген тақырыпта сынып сағатының өткізілгенін, жалпы құқықбұзушылықтың алдын алу үшін балалардың құқықтық сауаттылығын арттырудың маңыздылығын айтып өтті. Ата-аналар тарапынан өкінішті жағдайлардың алдын алу мақсатында балалардың қадағалаудан тыс қалмауын қамтамасыз ету сұралды.

**6-мәселе бойынша,** Ыстық тамақты 100% ішуге, мектеп формасын барлығы киюіне қолдау көрсетіп отырғаны үшін ата-аналарға алғысын айта отырып, оқушыларға да қолдау көрсетулерін сұрады.

**Жиналыстағы ақпараттармен танысқан барлық ата-аналар барлығы түсінікті «таныстым» деген белгі қойып шықты.**

**Қабылданған шешім:**

1. Оқушылардың жиынтық бағалауларға жауапкершілікпен қарауы үшін ата-аналар қолдау көрсетсін.
2. Күнделік сайтына күнделікті белсенді түрде кіріп, оқушылардың білім сапасын бақылап отыру барлық ата-анаға жүктелсін..
3. Оқушылардың санитарлық нормаларды сақтап жүруін, гимназия ережелерін сақтап жүруін қадағалау ата-аналарға жүктелсін.
4. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында мектепте сынып жетекші, үйде ата-аналар қолдауы міндеттелсін.
5. БЖБ-дан кеткен олқылықтармен жұмыс жасау үшін пән мұғалімдермен жұмыс жүргізу сынып жетекші Э.Шауеноваға жүктелсін.

Сынып жетекшісі: Жусупбекова Г.Е.



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің  
С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ

**Үндестік жобасы аясында өткізілген директор жанындағы отырыстың  
хаттамасы**

**28.02.2022**

**Қатысқандар: 8**

*(Директор Б.Кушмурзин, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Міркемел А, директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары Ержанова Н.А., сынып жетекшісі Хасенова Н.Б. ата-аналар: Муканова Алтынай, Ибраева Анар, Тлеушева Маржан, Жумагулова Жанат, Құлмағанбетова Ботагөз)*

**Күн тәртібінде:**

**1. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы**

**1-мәселе** бойынша гимназия директоры Б.Кушмурзин оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы хабарлама жасады.

Сөз алды: *Муканова А.* Менің балам асхананың ыстық тамағын дұрыс жемейді. Себебі балам ботқа жемейді. Ыстық тамаққа ақша төлемей, тек буфеттен тамақтанса жөн болар еді. Кейде тамақтың суып қалғанын айтады.

**Сөз алды: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Міркемел А.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 31 қазанында бекітілген «Тамақтақандыруды ұйымдастыру қағидалары» №598 бұйрығы негізінде біз оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге тиіспіз. Перспективтік ас мәзірін ортақ етіп, білім бөлімі бекітеді. Сіздерге жылдың басында ата-аналар жиналысында гимназияның жарлығы таныстырылды. Баланың денсаулығын сақтау мақсатында, асқазаны жақсы жұмыс жасауы үшін тек буфеттен тамақтануға болмайды. Балалар 6-7 сағат бойы мектепте жүреді, оларға міндетті түрде ыстық тамақ керек.

Сөз алды: *Ибраева А.* Балама таңертең тамақ беремін, ол үйден шай ішіп шығады. Сондықтан да мектепте жүргенде тек қана буфеттен тамақтанғаны жөн. Мен балам ыстық тамақ ішкеніне қарсымын. Себебі ол кейбір тамақтарды жегісі келмейді

Сөз алды: *директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары Ержанова Н.А.* Гимназияның жарлығына сәйкес, оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуіміз қажет. Біздің мектепте бала саны – 327. Бала санына байланысты сыныптарда тек буфеттік тамақ қарастырылмаған. Егер де ыстық тамақты ұйымдастыруға байланысты ескертулеріңіз болса, оқушылар 10:15-